

Кідірітілген тауарларды өткізу, пайдалану және жою, оларды тасымалдау (тасу), қайта тиеу (тиеу, түсіру), сақтау бойынша шығыстарды, кідірітілген тауарларды өткізуге дайындалуға және өткізумен байланысты өзге де шығыстарды өтеу, сондай-ақ оларды өткізуден алынған сомаларды қайтару қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 20 ақпандағы № 248 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 6 наурызда № 16529 болып тіркелді.

Ескерту. Қаулының тақырыбында орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 23.11.2023 № 1223 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 453-бабы 5-тармағына, 455-бабының 6-тармағына, 456-бабының 2, 3, 4-тармақтарына және 457-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жана редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 23.11.2023 № 1223 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Кідірітілген тауарларды өткізу, пайдалану және жою, оларды тасымалдау (тасу), қайта тиеу (тиеу, түсіру), сақтау бойынша шығыстарды, кідірітілген тауарларды өткізуге дайындалуға және өткізумен байланысты өзге де шығыстарды өтеу, сондай-ақ оларды өткізуден алынған сомаларды қайтару қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақта орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 23.11.2023 № 1223 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (А.М. Теңгебаев) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмелерін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми

жариялау және енгізу үшін "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі*

Б. Сұлтанов

Қаржы министрі
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 20 ақпандағы
№ 248 бұйрығымен
бекітілген

Кідірілген тауарларды өткізу, пайдалану және жою, оларды тасымалдау (тасу), қайта тиеу (тиеу, түсіру), сақтау бойынша шығыстарды, кідірілген тауарларды өткізуге дайындалуға және өткізумен байланысты өзге де шығыстарды өтеу, сондай-ақ оларды өткізуден алынған сомаларды қайтару қағидалары

Ескерту. Тақырыпта орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 23.11.2023 № 1223 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбына орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 23.11.2023 № 1223 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы Кідірілген тауарларды өткізу, пайдалану және жою, оларды тасымалдау (тасу), қайта тиеу (тиеу, түсіру), сақтау бойынша шығыстарды, кідірілген тауарларды өткізуге дайындалуға және өткізумен байланысты өзге де шығыстарды өтеу, сондай-ақ оларды өткізуден алынған сомаларды қайтару қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) " Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" 2017 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 453-бабы 5-тармағына, 455-

бабының 6-тармағына, 456-бабының 2, 3, 4-тармақтарына және 457-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленген және:

кідірілген тауарларды өткізу, пайдалану және жою;

оларды тасымалдау (тасу), қайта тиеу (тиееу, түсіру), сақтау бойынша шығыстарды, кідірілген тауарларды өткізуге дайындалуға және өткізумен байланысты өзге де шығыстарды өтеу;

кідірілген тауарларды өткізуден алынған сомаларды қайтару тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 23.11.2023 № 1223 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) уәкілетті заңды тұлға – Кодекстің 3-бабы 1-тармағының 56)-тармақшасына сәйкес айқындалған заңды тұлға;

2) кідірілген тауарлар – Кодекстің 52-тарауына сәйкес мемлекеттік кірістер органдары кідірткен тауарлар;

3) кідірілген тауарларға арналған құжаттар – Кодекстің 52-тарауында көзделген, мемлекеттік кірістер органдары кідірткен тауарлардың құжаттары (коммерциялық, көліктік, кедендік және басқалар);

4) кідірілген тауарлардың иесі – декларант, иелік ету, пайдалану және (немесе) билік ету құқығы бар өзге тұлға, ал меншік иесі шетелдік тұлға болып табылған не мемлекеттік кірістер органында тауарлардың меншік иесі туралы мәліметтер болмаған жағдайларда – кідірту күніне тауарлар иелігінде болған тұлға.

3. Осы Қағидаларға сәйкес кідірілген тауарларға қатысты өткізу және өзге де пайдалану немесе жою жүргізіліп жатса олар кедендік декларациялауға және кедендік рәсімге орналастыруға жатпайды.

4. Тауарларды кідіртуді жүзеге асырған мемлекеттік кірістер органы кідірілген тауарлардың сақтау мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік он бес күннен кешіктірмей, тез бүлінетін өнімдерге қатысты тауарларды кідірткен күні сақталу мерзімінің аяқталуы туралы кідірілген тауарлардың иесіне хабарлайды.

5. Кідірілген тауарлардың иелері талап етпеген жағдайларда, Кодекстің 454-бабымен белгіленген сақтау мерзімі өткен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде мемлекеттік кірістер органы мына:

кідірілген тауарларды өткізу үшін уәкілетті заңды тұлғаға құжаттарды жолдау туралы;

кідірілген тауарларды жою туралы шешімдердің бірін қабылдайды.

6. Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – ЕАЭО) және Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес ЕАЭО кедендік аумағына әкелуге тыйым салынған тауарлар өткізуге жолдауға жатпайды.

7. Уәкілетті заңды тұлғаға кідірілген тауарларды өткізу үшін мынадай құжаттар:

мемлекеттік кірістер органының жазбаша өтінішінің түпнұсқасы;

осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кідірілген тауарларға арналған құжаттарды қабылдап алу-тапсыру актісі;

осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кідірілген тауарлар туралы мәліметтер;

"Кедендік құжаттардың нысандары туралы" Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 мамырдағы № 260 шешімімен бекітілген нысан бойынша тауарлар және оларға арналған құжаттарды кідірту хаттамасының көшірмесі;

кедендік баждарды, салықтарды төлеуге тиісті сомасының есебі және республикалық бюджетке аудару үшін деректемелер;

кідірілген тауарлар оның сақтауында тұрған тұлға ұсынған құжаттарды уәкілетті заңды тұлғаға берген күніне кідірілген тауарларды тасымалдау (тасу), қайта тиеу (тиеу , түсіру), сақтау бойынша шығыстар сомасының есебі;

кідірілген тауарларға қатысы бар мемлекеттік кірістер органының қарауындағы техникалық құжаттар, фото және бейне материалдар жолданады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 23.10.2018 № 939 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Осы Қағидалардың 7-тармағында көрсетілген құжаттар уәкілетті заңды тұлғаның кідірілген тауарларды бағалау қызметінің субъектілеріне бағалауға жіберуі үшін негіз болып табылады, мемлекеттік кірістер органының жазбаша өтінішін алған күннен бастап он жұмыс күннен, ал тез бүлінетін өнімдер үшін күнтізбелік бір күннен аспайтын мерзімде жүргізіледі.

9. Мемлекеттік кірістер органы уәкілетті заңды тұлғаның жазбаша өтініші негізінде оларды бағалау үшін қажетті мөлшерде тауарлардың үлгілерін уәкілетті заңды тұлғаның жазбаша өтінішін алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде уәкілетті заңды тұлғаға беруді қамтамасыз етеді.

10. Уәкілетті заңды тұлға тауарларды бағалау нәтижелерін дайындаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде мемлекеттік кірістер органына мына:

тауарларды өткізу рәсімін бастау туралы;

өткізу рәсімін жүргізуден бас тарту туралы шешімдердің біреуін қабылдағаны туралы жазбаша хабарлама жолдайды.

2-тарау. Кідірілген тауарларды өткізу тәртібі

11. Кідірілген тауарларды іске асыруды уәкілетті заңды тұлға "Салық төлеуші және (немесе) үшінші тұлға кепілге қойған мүлікті, сондай-ақ салық төлеушінің (салық агентінің) билік ету шектелген мүлкін - салық берешегі есебіне, төлеушінің - кедендік төлемдер, салықтар, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждары, өсімпұлдар, пайыздар бойынша берешегі есебіне өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан

Республикасы Қаржы министрлігінің 2018 жылғы 1 ақпандағы № 111 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16387 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырады.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 23.11.2023 № 1223 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Кідірілген тауарларды сатып алу-сату шартына сатып алушы және кідірілген тауарлардың иесі қол қояды. Кідірілген тауарларды сатып алу-сату шартына қол қою қажеттілігі туралы хабарламаны мемлекеттік кірістер органы электронды аукционның қортындысы туралы хаттаманы алған күннен бастап күнтізбелік бір күн ішінде жолдайды.

Кідірілген тауарларды сатып алу-сату шартына кідірілген тауарлардың иесі қол қоюдан бас тартқан немесе хабарлама жолданған күннен бастап күнтізбелік жеті күн ішінде иесі келмеген жағдайда, кідірілген тауарларды сатып алу-сату шартына сатушының атынан мемлекеттік кірістер органының өкілі қол қояды.

13. Тез бүлінетін өнімді өткізуді уәкілетті заңды тұлға сауда қызметінің субъектілері арқылы комиссияның басталуында, электронды аукционды жүргізбестен жүзеге асырады. Тез бүлінетін өнімді өткізудің мерзімдері мен шарттары, сондай-ақ тараптардың жауапкершілігі уәкілетті заңды тұлға мен сауда қызметінің субъектісі жасаған комиссия шартымен айқындалады.

14. Уәкілетті заңды тұлға кідірілген тауарларды өткізу бойынша жүргізілген жұмыс нәтижелері туралы ақпаратты растайтын құжаттарды қоса отырып, оларды өткізу жүргізген күннен бастап бір жұмыс күні ішінде мемлекеттік кірістер органына ұсынады.

15. Сатып алу-сату шартына, комиссия шартына қол қойған күннен бастап, тауарларды одан кейінгі сақтау және тасымалдауға байланысты шығыстарды сатып алушы өтейді.

3-тарау. Кідірілген тауарларды жою немесе өзге де пайдалану тәртібі

16. Тауарларды кідіртуді жүзеге асырған мемлекеттік кірістер органы бұйрығының негізінде мемлекеттік кірістер органының лауазымды тұлғалары қатарынан Кідірілген тауарларды жою немесе өзге де пайдалану мәселелерін қарастыру бойынша тұрақты комиссия (бұдан әрі – Комиссия) құрылады.

17. Одан әрі пайдалану үшін жарамсыз тауарлар жоюға жатады. Тауарларды жою деп тауарларды зарарсыздандыру, олар ішінара немесе толық өзінің тұтыну және (немесе) өзге де қасиеттерін жоғалтатын және экономикалық тиімді тәсілмен бастапқы күйіне келтіру мүмкін болмайтын өзге күйге тауарларды келтіру түсініледі.

18. Мемлекеттік кірістер органы Комиссия шешімінің негізінде кідірілген тауарларға қатысты оларды жоюға байланысты тиісті іс-шараларды жүзеге асырады.

Кідірітілген тауарларды жою орнын айқындау үшін мемлекеттік кірістер органы жергілікті атқару органдарына жүгінеді.

19. Өртену, жарылу қауіпі бар, арнайы технология бойынша жоюдың айрықша шарттарын талап ететін тауарларды жоюды оларды жою бойынша тиісті лицензиясы бар ұйымдар жүзеге асырады.

20. Адамның өмірі мен денсаулығына, жануарлар мен өсімдіктерге, қоршаған ортаға қауіп төндіретін тамақ өнімдерін жою "Адамның өмірі мен денсаулығына және жануарларға, қоршаған ортаға қауіп төндіретін тамақ өнімдерін кәдеге жарату және жою ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 15 ақпандағы № 140 қаулысына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 23.11.2023 № 1223 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Дәрілік құралдарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы жою "Жарамсыз болып қалған, жарамдылық мерзімі өткен дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды, жалған және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмейтін басқа да дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды жою қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндітін атқарушының 2020 жылғы 27 қазандағы № ҚР ДСМ-155/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21533 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 23.11.2023 № 1223 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22. Тауарларды жою:

1) нәтижесінде тауарлар толығымен жойылатын термиялық, химиялық, механикалық не өзге де әсер ету (өртеу, бұзу, көму және басқа) жолымен жүргізіледі. Тауарларды жою тәсілі оларды қалпына келтіру, мақсаты бойынша пайдалану үшін бастапқы күйіне келтіру мүмкіндігін болғызбауды қамтамасыз етуге тиіс;

2) мұндай зақымдаулар тауарларды кейіннен қалпына келтіруді және оларды пайдалану мүмкіндігін болғызбайтындай етіп тесіп тастауды, жарықтар салуды, өзге де тәсілдермен зақымдауды қоса алғанда, бөлшектеу, бұзу, механикалық зақымдау жолымен жүргізіледі.

23. Тауарларды іс жүзінде жою аяқталғаннан кейін, осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Кідірітілген тауарларды жою туралы акт (бұдан әрі – Жою туралы акт) жасалады.

24. Жою туралы акт Комиссияның барлық мүшелерінің және қатысушы тұлғалардың қолымен куәландырылады, үш данада ресімделеді:

1) бірінші дана тауарларды кідірткен мемлекеттік кірістер органында сақталады;

2) екінші дана жоюға қатысқан уәкілетті мемлекеттік органдардың өкілдеріне беріледі;

3) үшінші дана, ол бар болған жағдайда кідірітілген тауарлардың иесіне беріледі.

25. Тауарларды жою фактісі фото және (немесе) бейне түсірілімдер қолданыла отырып тіркеледі, нәтижесі мемлекеттік кірістер органында сақталатын жою туралы актіге қоса тіркеледі.

26. Комиссияның шешімі бойынша одан әрі пайдалану үшін жарамды және уәкілетті заңды тұлға өткізе алмаған тауарлар баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияны жүзеге асыратын ұйымдарға, қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға арналған медициналық-әлеуметтік мекемелерге (ұйымдарға), балабақшаларға, мектептерге, медициналық-әлеуметтік мекемелерге не арнайы әлеуметтік қызмет көрсететін субъектілерге өтеусіз беріледі.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 23.11.2023 № 1223 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27. Мәдениет саласындағы уәкілетті органның қорытындысына сәйкес тарихи, ғылыми, көркем немесе өзге мәдени құндылықтарға жатқызылған тауарлар мемлекеттік мұражайларға өтеусіз беріледі.

28. Мемлекеттік кірістер органы жергілікті атқару органына осы Қағидалардың 26, 27-тармақтарында айқындалған ұйымдарды өтеусіз берілетін тауарлардың бар екендігі туралы хабардар ету туралы өтініш жолдайды.

Ұйымдарды таңдауды мемлекеттік кірістер органы жергілікті атқару органымен бірлесіп жүзеге асырады.

Кідірітілген тауарларды оларды сақтау орындарынан ұйымдарға өтеусіз беруді мемлекеттік кірістер органы қабылдап алу-тапсыру актісіне қол қою жолымен және тиісті құжаттарды ұсына отырып жүргізеді.

Өтеусіз берілетін кідірітілген тауарларды, олардың сақталу орындарынан әкетуді алушы дербес жүзеге асырады, осындай әкетумен байланысты шығыстарды тауарды алушы төлейді.

4-тарау. Кідірітілген тауарларды тасымалдау (тасу), қайта тиеу (тиеу, түсіру), сақтау бойынша шығыстарды, өткізуге дайындалуға және өткізумен байланысты өзге де шығыстарды өтеу тәртібі

29. Төлеуге жататын кедендік төлемдерді, салықтарды аудару, кідірітілген тауарларды тасымалдау (тасу), қайта тиеу (тиеу, түсіру), сақтау бойынша шығыстарды, өткізуге дайындалуға және өткізумен байланысты өзге де шығыстарды өтеу уәкілетті заңды тұлғаның банктік есеп-шотынан осындай әрекеттерді жасағанын растайтын құжаттарды мемлекеттік кірістер органына жолдай отырып жүргізіледі.

30. Уәкілетті заңды тұлға кідірілген тауарларды өткізуден өндірілген ақша құралдары түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде шығыстарды өтеуді мынадай кезекте жүргізеді:

бірінші кезекте мемлекеттік кірістер органы ұсынған деректемелер бойынша республикалық бюджетке кідірілген тауарларды ішкі тұтыну үшін шығару кедендік рәсіміне орналастыру кезінде төленуге жататын кедендік төлемдер, салықтар мөлшеріндегі сомасы өтеледі;

екінші кезекте тең үлесте осындай ұйым ұсынған деректемелер бойынша кідірілген тауарларды тасымалдау (тасу), қайта тиеу (тиеу, түсіру), сақтау бойынша шығыстар, өткізуге дайындалуға және өткізумен байланысты өзге де шығыстар, бірақ сатып алу-сату шартына, комиссия шартына қол қою күніне есептелген сомадан артық емес ұйымның шығыстары, оның ішінде, кідірілген тауарларды өткізуден түскен соманың бес пайызынан артық емес мөлшердегі уәкілетті заңды тұлғаның сыйақысы өтеледі.

31. Уәкілетті заңды тұлға ақша құралдарын аудару күнінен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей мемлекеттік кірістер органына осы Қағидалардың 30-тармағында көзделген іс-әрекеттерді орындау туралы жазбаша хабарлама жолдайды.

32. Кідірілген тауарларды тасымалдау (тасу), қайта тиеу (тиеу, түсіру), сақтау бойынша шығыстарды, өткізуге дайындалуға және өткізумен байланысты өзге де шығыстарды, оның ішінде оларды өзге де пайдалану не жою кезінде өтелмеген шығыстарды кідірілген тауардың иесі өтейді, ал ол жоқ болған жағдайда, егер тауарлардың жекелеген санаттарына қатысты өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасымен белгіленген тәртіпте бюджет қаражаты есебінен өтеледі.

5-тарау. Кідірілген тауарларды өткізуден алынған сомаларды қайтару тәртібі

33. Кідірілген тауарларды өткізуден алынған сомаларды қайтару уәкілетті заңды тұлғаның банктік есеп-шотынан осындай әрекеттерді жасағанын растайтын құжаттарды мемлекеттік кірістер органына жолдай отырып жүргізіледі.

34. Мемлекеттік кірістер органы кідірілген тауарларды өткізуден алынған қалдық сома бар болған жағдайда осы Қағидалардың 31-тармағында көрсетілген хабарламаны алған күнінен бастап екі жұмыс күнін кешіктірмей, кідірілген тауарлардың иесіне кідірілген тауарларды өткізуден алынған соманың оған тиесілі бар екендігі туралы жазбаша хабарлайды.

35. Кідірілген тауарлардың иесінен Кодекстің 457-бабының 2-тармағымен белгіленген мерзімде кідірткен күніне оның иелік ету және билік ету құқығын растайтын құжаттары қосылған жауап алғаннан кейін мемлекеттік кірістер органы

уәкілетті заңды тұлғаға тауарларды өткізуден қалған сомаларды кідірітілген тауарлардың иесіне қайтаруды жүзеге асыру қажеттілігі туралы тапсырманы жолдайды

36. Тапсырманы алғаннан кейін уәкілетті заңды тұлға үш жұмыс күнінің ішінде кідірітілген тауарлардың иесіне мемлекеттік кірістер органы ұсынған деректемелер бойынша кідірітілген тауарларды өткізуден қалған сомаларды қайтаруды жүзеге асырады және екі жұмыс күнінің ішінде мемлекеттік кірістер органына жүргізілген аударулар туралы хабарлайды.

37. Кодекстің 457-бабының 2-тармағымен белгіленген мерзімнің өтуі бойынша кідірітілген тауарлардың иесі туралы мәліметтер болмаған жағдайда, уәкілетті заңды тұлға мемлекеттік кірістер органы ұсынған деректемелер бойынша талап етілмеген ақша құралдарының сомасын республикалық бюджетке аударды. Уәкілетті заңды тұлға республикалық бюджетке ақша құралдарын аудару жүргізген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде жүргізілген аудару туралы ақпаратты мемлекеттік кірістер органына жолдайды.

38. Мемлекеттік кірістер органы кідірітілген тауарларды өткізуді жүргізу қортындысы бойынша аударылған ақша құралдарының сомалары бойынша уәкілетті заңды тұлғамен салыстыруды жүргізеді.

Кідірітілген тауарларды өткізу,
пайдалану және жою, оларды
тасымалдау (тасу), қайта тиеу
(тиеу, түсіру), сақтау бойынша
шығыстарды, кідірітілген
тауарларды өткізуге
дайындалуға және өткізумен
байланысты өзге де шығыстарды
өтеу, сондай-ақ оларды
өткізуден алынған сомаларды
қайтару қағидаларына
1-қосымша
Нысан

Кідірітілген тауарларға арналған құжаттарды қабылдап алу-тапсыру актісі

" ____ " _____ 20 ____ жыл _____

(толтыру күні) (актіні толтыру орны)

Мемлекеттік кірістер органының өкілі _____

(мемлекеттік кірістер органының атауы, заңды мекен-жайы)

(лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), лауазымы)

(ұйымның, уақытша сақтау қоймасының, өзге орындардың атауы) сақтауда тұрған

(кідіртiлген тауардың иесiнiң тегi, аты, әкесiнiң аты (ол болған кезде), мекен-жайы)

тиесiлi кiдiртiлген тауардың құжаттарын, кiдiртiлген тауарларды бағалау және кейiн өткiзу үшiн төмендегi тiзiмдемеге сәйкес:

Кiдiртiлген тауар құжаттарының тiзiмдемесi

Р/с №	Құжаттың атауы	Кiм бердi, тiркелдi	Беру, тiркеу күнi	Құжаттың типi (түпнұсқа, көшiрме, тағы басқа)	Парақтар саны

уәкiлеттi заңды тұлғаның өкiлi _____

(уәкiлеттi заңды тұлғаның атауы, заңды мекен-жайы)

(өкiлдiң тегi, аты, әкесiнiң аты (ол болған кезде)

берудi жүргiздi.

Осы акт _____ данада жасалды.

Мемлекеттiк кiрiстер органының өкiлi _____

(қолы) (тегi, аты, әкесiнiң аты (ол болған кезде)

" ____ " _____ жыл

Уәкiлеттi заңды тұлғаның өкiлi _____

(қолы) (тегi, аты, әкесiнiң аты (ол болған кезде)

" ____ " _____ жыл

Кiдiртiлген тауардың иесi _____

(қолы) (тегi, аты, әкесiнiң аты (ол болған кезде)

" ____ " _____ жыл

Кiдiртiлген тауарларды өткiзу, пайдалану және жою, оларды тасымалдау (тасу) қайта тиеу (тиеу, түсiру), сақтау бойынша шығыстарды, кiдiртiлген тауарларды өткiзуге дайындалуға және өткiзумен байланысты өзге де шығыстарды өтеу, сондай-ақ оларды өткiзуден алынған сомаларды қайтару қағидаларына

2-қосымша

Нысан

Тауарларды кiдiрткен мемлекеттiк кiрiстер органының атауы _____

Кідірітілген тауарлардың сақтау орны _____

Кідірітілген тауарлар туралы мәліметтер

P/c №	кідірту хаттамасының №, кідірту күні	Тауардың атауы	Өндірген елі	Тауардың сипаттамасы	Өлшем бірлігіндегі мөлшері	Тауарлардың кедендік құны, теңгемен	Кідірітілген тауарлардың тасымалдау (тасу), қайта тиеу (тиеу, түсіру), сақтау үшін шығындар құны, теңгемен	Республикалық бюджетке төлеуге жататын кедендік баждардың, салықтардың мөлшері (төлем түрі бойынша табыстардың бюджеттік жіктеу кодының деректемелері көрсетіледі), теңгемен
-------	--------------------------------------	----------------	--------------	----------------------	----------------------------	-------------------------------------	--	--

Мемлекеттік кірістер органының өкілі

(қолы) _____ (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)

" ____ " _____ ж.

Кідірітілген тауарларды өткізу, пайдалану және жою, оларды тасымалдау (тасу), қайта тиеу (тиеу, түсіру), сақтау бойынша шығыстарды, кідірітілген тауарларды өткізуге дайындалуға және өткізумен байланысты өзге де шығыстарды өтеу, сондай-ақ оларды өткізуден алынған сомаларды қайтару қағидаларына
3-қосымша
Нысан

Кідірітілген тауарларды жою туралы № _____ АКТ

" ____ " _____ 20 ____ жыл _____

(толтыру күні) (актіні толтыру орны)

Комиссия, _____

— мемлекеттік кірістер органы басшысының (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)
" ____ " _____ 20 ____ жыл № ____ бұйрығының негізінде,
құрамында _____

_____ мемлекеттік кірістер органының, уәкілетті мемлекеттік органдарының,
ұйымдарының

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), лауазымы көрсетіледі _____

_____ қатысумен _____
оның ішінде тауардың иесі, тауарды жойған кезде қатысатын өзге тұлғалар,

_____ рұқсаттың (қорытындының) негізінде _____

_____ (тауарды жою үшін негіз болып табылған құжаттың нөмірі және күні)
жойды _____

_____ тауардың түрін, атауын, салмағын, көлемін, мөлшерін көрсету қажет

_____ осындай тауарлардың өзге сипаттамалары

_____ № ____ " ____ " _____ 20 ____ жылы, тауарларды және оларға құжаттарды
кідірту
хаттамасы бойынша кідірілген

_____ Кідірілген тауарлардың иесінің (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)

_____ иелігінде болған Кідірілген тауарлар

_____ аумағында _____

_____ Жою тәсілдерін көрсету қажет

_____ жолымен жойылды

Осы акт _____ данада жасалды.

Комиссия мүшелері:

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____

(қолы) (комиссия мүшелерінің (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), лауазымы)
М.О.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК